

«Talap» КЕАҚ Президентінің
2025 жылғы «22» тамыздағы
№ 285 бұйрығымен бекітілді

«Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамында және оның еншілес үйымдарында мемлекеттік тапсырманы орындау аясында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Қоғам) және оның еншілес үйымдарында мемлекеттік тапсырманы орындау аясында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы Бюджет кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес әзірленген және Қоғамның, оның еншілес үйымдарының мемлекеттік тапсырманы орындау аясында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды үйымдастыру және өткізу кезіндегі қызметін реттеуге бағытталған.

2. Осы Қағидалар мемлекеттік тапсырманы орындау аясында жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды үйымдастыру мен өткізу рәсімдерін реттейді.

3. Мемлекеттік тапсырманы орындау аясында сатып алуды үйымдастыру деп Тапсырыс берушінің қызметін үздіксіз қамтамасыз етуге және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу үшін жағдай жасауға бағытталған, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес үйымдары орындайтын іс-шаралар кешені түсініледі.

4. Осы Қағидаларда тәмендегі анықтамалар мынадай мағыналарды білдіреді:

1) **тапсырыс беруші** – «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы және оның еншілес үйымдары;

2) **сатып алулар** – Тапсырыс берушілердің бөлінген бюджет қаражаты шегінде мемлекеттік тапсырманы орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

3) **әлеуетті өнім беруші** – сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кесіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, занды тұлға (егер Қазақстан Республикасының зандарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

4) **өнім беруші** – кесіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, занды тұлға (егер Қазақстан Республикасының зандарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасалған сатып алу шартында контрагент ретінде әрекет ететін занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

5) **комиссия** – мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік тапсырманы орындау аясында жүзеге асырылатын сатып алу рәсімдерін орындау үшін Тапсырыс беруші құратын алқалы орган;

6) әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы – жазбаша нысандада жасалған мәмілеле қүшіне қарай, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші осындай құқыққа ие кез келген жеке немесе заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді айқындауға және (немесе) оларға ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға;

7) **құрылымдық бөлімше** – мемлекеттік тапсырманы орындау аясында сатып алуды өткізу үшін жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды үақытылы және тиімді орындауға жауапты филиалдар, басқармалар, бөлімдер, қызметтер.

8) **еншілес ұйымдар** – жарғылық капиталына басым қатысуына не олармен жасалған шартқа не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілге орай «Talap» KEAK олардың шешімдерін айқындауға мүмкіндігі бар заңды тұлғалар.

5. Осы Қағидалардың ережелері Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ оның еншілес ұйымдарына қолданылады.

6. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай дәйекті іс-әрекеттерді жүргізуі көздейді:

1) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу туралы шешім қабылдау, комиссия құрамын, қажет болған жағдайда сараптама комиссиясын (сарапшыны) бекіту, комиссия хатшысын айқындау, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін бекіту;

2) сатып алуды өткізу туралы хабарландыру Тапсырыс беруші Қоғамның ресми сайтында жарияланады.

Әлеуетті өнім берушілердің қатысуға өтінімдерін тіркеуді Тапсырыс беруші жүргізеді;

3) комиссия хатшысының баға ұсыныстары бар конверттерді ұсынған қатысушыларды, сондай-ақ баға ұсыныстары бар конверттерді ашу рәсіміне қатысуға ниет білдірген тұлғаларды тіркеу журналына қабылдауы және тіркеуі;

4) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары бар конверттерін ашу, қорытынды шығару, сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеу, қол қою және Тапсырыс беруші Қоғамның ресми сайтына орналастыру;

5) жеңімпазбен сатып алу туралы шарт жасасу.

Сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер.

7. Әлеуетті өнім беруші, егер:

1) осы әлеуетті өнім берушінің және/немесе осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің басшыларының жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқылы болса немесе өткізілетін сатып алуларда тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының өкілі болып табылса, өткізілетін сатып алуларға қатысуға құқылы емес.

2) Әлеуетті өнім беруші және/немесе оның қосалқы мердігері Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) бірыңғай тізілімінде және/немесе Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жосықсыз тізілімінде тұрады;

3) Консорциумға кіретін заңды тұлға Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) бірыңғай тізілімінде және/немесе Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жосықсыз тізілімінде тұрады;

4) Әлеуетті өнім берушінің және/немесе ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім беруші мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатылған;

5) Сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) бірыңғай тізілімінде және/немесе Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жосықсыз тізілімінде тұрган заңды тұлғалардың жарғылық капиталына басқару, құру, қатысу арқылы байланысты;

6) Сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы – Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) бірыңғай тізілімінде және/немесе Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жосықсыз тізілімінде енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылады;

7) Сатып алуға қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші – Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жосықсыз тізілімінде енгізілген әлеуетті өнім берушінің басшысы болып табылады.

8) Әлеуетті өнім беруші мен әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы бір сатып алуға (лотқа) қатысуға құқылы емес.

8. 7-тармақтың 1-8-тармақшаларының талаптары сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында сақталуы тиіс.

9. Тапсырыс беруші сатып алу жоспарында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар қысқарған, қажеттілік негізделген түрде азайған немесе тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу орынсыз болған жағдайларда, сатып алудың кез келген кезеңінде оны жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Бұл жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өткізілетін сатып алуларға қатысатын тұлғаларға бұл туралы хабарлауға және Тапсырыс беруші Қоғамның Ресми сайтында тиісті хабарландыруды жариялауға міндетті.

Сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім ведомстволық реттеу күшіне байланысты шағымдану рәсімінсіз қабылдануы мүмкін. Алайда, қатысушы ішкі қарau үшін басшылыққа өтініш білдіруге құқылы.

10. Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді біртектілігі, олардың ұқсас сипаттамалары мен компоненттері бойынша не оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге;

2) Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар және бір-бірімен байланысты бірнеше компоненттерден тұратын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір лотпен сатып алуды қарастыруға құқылы.

Әлеуетті өнім берушінің сатып алуға қатысу үшін ұсынған құжаттарын қаруа, сондай-ақ жеңімпазды анықтау әрбір лот бойынша жеке жүзеге асырылады.

11. Әлеуетті өнім беруші сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығыстарды өзі көтереді. Тапсырыс беруші сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелерді қабылдамайды.

2. Қолданылу саласы

12. Осы Қағидалар мемлекеттік тапсырманы орындау бойынша жылдық сатып алу жоспарын қалыптастыруға қатысатын Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері мен оның еншілес үйымдары үшін міндетті болып табылады.

3. Мемлекеттік тапсырманы орындау аясында жүзеге асырылатын сатып алулар

13. Сатып алуды үйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешені мыналарды қамтиды:

1) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәміле негізінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу, келісу, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) комиссия құрамын, қажет болған жағдайда сараптама комиссиясын (сарапшыны) бекіту, комиссия хатшысын айқындау. Бұл шешімді сатып алуды үйымдастыруши Тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға бұйрық түрінде ресімдейді;

3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шарт жобаларын бекіту;

4) сатып алу рәсімдерін өткізу және өнім берушіні таңдау;

5) сатып алу туралы шарт жасасу;

6) шартты орындау.

14. Сатып алулар мемлекеттік тапсырманы орындау аясында бекітілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспары негізінде жүзеге асырылады.

15. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәміле негізінде Тапсырыс беруші осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен және нысанда сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

16. Сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімше (лауазымды тұлға) бұйрықтың жобасын оған мемлекеттік тапсырманы орындау аясындағы сатып алудың жылдық жоспарын қоса бере отырып әзірлейді. Оларды сатып алуға бастамашы болған құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келіседі және Тапсырыс берушінің Бірінші басшысына не оны алмастыратын тұлғаға бекітуге жібереді.

17. Құрылымдық бөлімшелер (лауазымды тұлға) республикалық бюджетті бағдарламалар әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында

жасалған азаматтық-құқықтық мәміле негізінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге бастамашы болуға құқылы.

18. Құрылымдық бөлімшелер (лауазымды тұлға) қызметтік жазба негізінде мемлекеттік тапсырманы орындау аясында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге бастама жасайды.

Қызметтік жазба Бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның атына ресімделеді, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге бастама жасаған құрылымдық бөлімшениң (лауазымды тұлғаның) басшысымен және орындаушысымен, экономикалық жоспарлау мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімшемен (лауазымды тұлғамен), жетекшілік ететін вице-президентпен келісіледі.

19. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарына барлық өзгерістер және (немесе) толықтырулар экономикалық жоспарлау мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімшениң (лауазымды тұлғаның) қызметтік жазбасы негізінде Бірінші басшының немесе оның міндеттерін орындау жүктелген тұлғаның бүйрекшімен бекітіледі.

20. Мемлекеттік тапсырманы орындау аясында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың бекітілген жылдық жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

21. Техникалық ерекшелікті Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесі (лауазымды тұлғасы) қазақ және орыс тілдерінде, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып әзірлеуі тиіс.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігі электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы сатып алуға бастамашы құрылымдық бөлімше (лауазымды тұлға) басшысымен және орындаушысымен келісілуі тиіс.

22. Техникалық ерекшелік қосымша қағаз тасымалдағышта ұсынылады, онда әрбір параграфа сатып алуға бастамашы болған құрылымдық бөлімшениң басшысы мен орындаушысы параптап қол қоюы тиіс.

23. Сатып алуға бастамашы құрылымдық бөлімше (лауазымды тұлға) осы Қағидалардың 21-тармағында көзделген бөлікте техникалық ерекшелік жобасының мазмұны үшін жаупты болады.

24. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруда тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік ұлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға сілтеме жасауға жол берілмейді, мынадай жағдайлар:

1) қолданыстағы негізгі (орнатылған) жабдықпен қосымша жинақтау, жаңғырту және толық жарақтандыру, қолдануға жарамдылығы және үйлесімділігі

үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сұйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу үшін тауарларды сатып алу жүзеге асырылған кезде;

2) тапсырыс берушінің негізгі (орнатылған) жабдығын пайдалануға, техникалық сұйемелдеуге, сервистік қызмет көрсетуге және жөндеуге, оның ішінде жоспарлы жөндеуге байланысты жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүзеге асырылған кезде жол беріледі.

25. Тапсырыс беруші үшін қажетті, мемлекеттік тапсырманы орындау аясындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың бекітілген жылдық жоспары негізінде және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген конкурстық ресімдерді сақтамай, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік тапсырманы орындау аясында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

26. Сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші құқық қабілеттілігіне (занды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігіне (жеке тұлғалар үшін) ие болуы тиіс.

27. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу, комиссия құрамын бекіту, комиссия хатшысын айқындау туралы шешім Тапсырыс берушінің Бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығы түрінде ресімделеді.

28. Комиссия құрамы Тапсырыс берушінің бұйрығымен жасақталады, оның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және комиссия мүшелері кіреді. Комиссия мүшелері өтінімдерді қарайды және оларды алмастыратын адамдар болмаса, дауыс беруге қатысады.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан, бірақ үш адамнан кем емес болуы тиіс.

Комиссия төрағасы ретінде Тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның орынбасары, не көрсетілген тұлғаларды алмастыратын адам тағайындалады.

29. Комиссия өзі құрылған күннен бастап әрекет етеді және шарт жасалған сәттен бастап өз қызметін тоқтатады.

Комиссия отырыстары комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі және сатып алу қорытындылары туралы хаттамамен ресімделеді.

Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болмаған жағдайда, кворумға қол жеткізу мақсатында (тиісті бұйрық шығару арқылы) Тапсырыс берушінің бірінші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның шешімімен қатыспаған комиссия мүшелерін ауыстыру жүргізіледі.

Қатыспаған комиссия хатшысын ауыстыру міндетті түрде Тапсырыс берушінің бірінші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның шешімімен жүзеге асырылады.

30. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі оны жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде, комиссия төрағасының, ал ол болмаған жағдайда, комиссия төрағасы орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, кез келген комиссия мүшесі жазбаша түрде ерекше пікірін білдірге құқылы, ол қорытынды хаттамаға қоса берілуі тиіс.

31. Комиссияның ұйымдастыру қызметін комиссия хатшысы қамтамасыз етеді.

Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығына ие емес.

32. Баға ұсыныстарын қарау, салыстыру және бағалау, сондай-ақ осы Қағидалардың 10-тармағының 2-тармакшасында көрсетілген жағдайларда сатып алу женімпазын айқындау әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

33. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, Тапсырыс беруші Қоғамның Ресми сайтында тиісті хабарландыруды орналастыруы тиіс.

34. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы – оның хабарландыруда көзделген шарттарды сақтай отырып, тауарды жеткізуі, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны.

35. Сатып алуға қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші хабарландыруда көрсетілген мерзімде тек бір ғана баға ұсынысын береді, ол мынадай құжаттарды қамтуы тиіс:

1) хабарландыруға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім беруші қол қойған және мөрмен (егер болса) бекітілген баға ұсынысы. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысына тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстар қосылады.

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландағылған көшірмесі немесе ресми интернет-ресурстан (www.e.gov.kz) алынған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы электрондық анықтамаың көшірмесі; жеке тұлға үшін – тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландағылған көшірмесі немесе ресми интернет-ресурстан (www.e.gov.kz) алынған құжаттың көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген (егер хабарландыру шарттары міндетті лицензиялауға жататын қызметті көздесе) сатып алынатын тауарларды өндіруге, өндеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге әлеуетті өнім берушінің құқығын растайтын лицензиялардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландағылған көшірмелері не лицензиялардың электрондық құжат түріндегі көшірмесі және/немесе патенттер, куәліктер, сертификаттар, рұқсаттар, басқа да құжаттар;

4) техникалық ерекшелік (егер хабарландыру шарттаратын техникалық ерекшелікті көздесе);

5) тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес ресімделген өзге де құжаттар (егер хабарландыру шарттаратын техникалық ерекшелікті көздесе).

36. Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденттеріне арналған хабарландырудың көзделген құжаттарды немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру тіліне нотариус куәландаған аудармасы бар, ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.

37. Баға ұсынысында қамтылған тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттаратын хабарландырудың қамтылған... шарттарына қайшы келмеуі тиіс.

38. Баға ұсынысы бар желімделген конверттің беткі жағында әлеуетті өнім беруші мыналарды көрсетуі тиіс:

1) әлеуетті өнім берушінің атауы мен пошталық мекенжайы;

2) Тапсырыс берушінің атауы мен пошталық мекенжайы, олар хабарландырудың көрсетілген ұқсас мәліметтерге сәйкес болуы тиіс;

3) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы ұсынылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу атауы.

39. Тапсырыс беруші:

1) баға ұсынысы бар конвертте осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген мәліметтердің бар-жоғын тексереді. Осы Қағидалардың көрсетілген тармағында талаптарын бұзып ресімделген баға ұсыныстары бар конверттер тіркелуге жатпайды.

2) тиісті түрде ресімделген баға ұсыныстары бар конверттерді қабылдайды және баға ұсыныстарын тіркеу журналына енгізеді.

40. Баға ұсынысы бар конверт, егер ол оны берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсындыса, қабылданбайды.

41. Баға ұсыныстары бар конверттерді тіркеу журналы тігілуі, беттері номирленуі, баға ұсыныстарын тіркеу журналында соңғы беті сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшениң басшысының (лауазымды тұлғаның) не оны алмастыратын тұлғаның қолымен және Тапсырыс берушінің мөрімен бекітілуі тиіс.

5. Баға ұсыныстарын ашу және қарau

42. Әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері баға ұсыныстарын ашу жөніндегі комиссия отырыстарына қатысуға құқылы.

43. Комиссия отырысы басталғанға дейін комиссия хатшысы әлеуетті өнім берушілердің өкілдерінің баға ұсыныстарын ашу рәсімін жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілердің мұдделерін білдіруге құқығын растайтын құжаттарды тексереді.

44. Баға ұсыныстарын ашу хабарландырудың көрсетілген күні, уақыты мен орнында өткізіледі.

45. Комиссия Хатшысы айқындаған тұлға баға ұсыныстары бар конверттерді ашады және әлеуettі өнім берушілер баға ұсыныстарында мәлімдеген бағаларды жария етеді.

46. Баға ұсыныстарын ашу рәсіміне қатысқан әлеуettі өнім берушілердің уәкілетті өкілдері әлеуettі өнім берушілер баға ұсыныстарында мәлімдеген бағалар жария етілгеннен кейін тиісті баға ұсыныстарында қол қойып, басқа әлеуettі өнім берушілер мәлімдеген бағалармен танысуға құқылы.

47. Жеңімпазды комиссия ең төмен баға ұсынысы негізінде анықтайды. Салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуettі өнім берушіні комиссия ең төмен баға ұсынысынан кейінгі баға ұсынысы негізінде анықтайды.

48. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуettі өнім беруші ұсынса, жеңімпаз деп баға ұсынысы басқа әлеуettі өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуettі өнім беруші танылады.

49. Әлеуettі өнім берушінің баға ұсынысы мынадай жағдайларда қабылданбайды:

- 1) егер ол осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан асып кетсе;
- 2) әлеуettі өнім беруші баға ұсынысының құрамында хабарландыру талаптарына сай келмейтін құжаттарды, мәліметтерді ұсынса;
- 3) әлеуettі өнім беруші бір баға ұсыныснан артық ұсынса;
- 4) осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген негіздер бойынша әлеуettі өнім берушінің сатып алуға қатысуы шектелген.

Баға ұсыныстарын өзге негіздер бойынша қабылдамауға жол берілмейді.

50. Сатып алулар мынадай жағдайларда өтпеді деп танылады:

- 1) егер баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін бір ғана баға ұсынысы қалса;
- 2) егер қабылданбағаннан кейін бірде-бір баға ұсынысы қалмаса;
- 3) екі баға ұсыныснан аз түскен жағдайда;
- 4) жеңімпаз және екінші орын алған әлеуettі өнім беруші шарт жасасудан жалтарған жағдайда.

51. Сатып алулар өтпеді деп танылған жағдайда Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

- 1) сатып алуларды қайта өткізу туралы;
- 2) елеулі шарттарды өзгерту және сатып алуларды қайта өткізу туралы.
- 3) жалғыз қатысушының қатысуымен шарт жасасу туралы

52. Баға ұсыныстары ашылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеуге міндettі. Егер сатып алулар өткен болып танылса, Тапсырыс беруші Жеңімпазben шарт жасайды.

53. Тапсырыс беруші сатып алу қорытындылары ресімделген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей қорытынды хаттаманы Тапсырыс беруші Қоғамның Ресми сайтында орналастыруға міндettі.

54. Өткізілген сатып алуда оның қорытындыларына (жеңімпазды анықтауға) әсер еткен бұзушылықтар анықталған жағдайда, комиссия шарт жасалғанға дейін

сатып алу қорытындыларының күшін жоюға міндettі, бұл ретте сатып алулар қайтадан өткізілуі тиіс.

55. Егер әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге қол қойылған сатып алу туралы шартты ұсынбаса, Тапсырыс беруші дәл сондай баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасасуға құқылы, ал егер ондай әлеуетті өнім беруші болмаса, сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім беруші ұсынған бағадан кейінгі ең төмен баға ұсынысы бар әлеуетті өнім берушімен шарт жасасады.

6. Сатып алудың қосымша әдістері

56. Егер сатып алуды өткізу процесінде Тапсырыс беруші қажетті тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып ала алмаса, ол шарттық міндептемелерді тиісті түрде орындау және қарожатты ұтымды пайдалану мақсатында, көрсетілген тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді осы Қағидаларда көзделмеген өзге әдістермен сатып алуға құқылы.

57. Сатып алудың қосымша әдістеріне, оның ішінде, әлеуетті өнім берушілерден кемінде үш баға ұсынысын жинау негізінде нарықты салыстырмалы талдау әдісі жатады.

58. Нарықты салыстырмалы талдау әдісін қолданған кезде Қоғам:

- 1) тиісті тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер нарығына зерттеу жүргізеді;
- 2) әлеуетті өнім берушілерден кемінде үш баға ұсынысын сұратады;
- 3) ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің онтайлы баға мен сапа арақатынасы негізінде өнім берушіні таңдауды жүзеге асырады.

59. Нарықты салыстырмалы талдау әдісімен сатып алу туралы шешімді Тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға тиісті құрылымдық бөлімшениң (лауазымды тұлғаның) негізделген ұсынысы негізінде қабылдайды.

7. Сатып алу туралы шарт жасасу және орындау

60. Сатып алу туралы шарт сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда қамтылған сатып алу шартының жобасына сәйкес жасалады. Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғамен сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынған нысанда сатып алу туралы шартты ресімдеуге жол беріледі. Тапсырыс беруші бір қаржы жылынан артық мерзімге шарт жасасуға құқылы.

61. Құрылымдық бөлімше (лауазымды тұлға) сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға не Тапсырыс берушінің бірінші басшысының бүйрығына қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Тапсырыс беруші айқындаған Шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-шараларға бастама жасайды және оларды қамтамасыз етеді.

Сатып алу туралы шарт оны одан әрі іске асыру орынсыз болған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты орындаудан біржақты бас тарту құқығын көздеуі тиіс.

62. Егер әлеуетті өнім беруші Тапсырыс беруші айқындаған мерзімде Тапсырыс берушіге қол қойылған сатып алу туралы шартты ұсынбаса, ондай әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

63. Сатып алу туралы шарт жобасына өзгерістер енгізу мынадай өзара байланысты шарттар сақталған кезде жол беріледі:

1) сатып алу туралы шарт жобасына өзгерістер енгізуге сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тараптардың бірі бастама жасаса;

2) өзгерістер енгізуге жеткізушіні таңдауға негіз болған сапа мен басқа да шарттар өзгеріссіз қалған жағдайда, сатып алу туралы шарт жобасының сомасын азайту бөлігінде жол беріледі;

3) шарт сомасын азайту бөлігінде өзгерістер енгізу туралы шешім тараптардың өзара келісімі бойынша қабылданса.

Осы тармақта көзделген шарттар сақталмаса, сатып алу туралы шарт жобасына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

64. Жасалған сатып алу шартына өнім берушіні таңдауға негіз болған сапа және басқа да шарттар өзгеріссіз қалған жағдайда, өзгерістер енгізуге мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) егер сатып алу шартын орындау процесінде ұқсас сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар төмендеу жағына қарай өзгерсе, тараптардың өзара келісімі бойынша тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бағасын және тиісінше сатып алу туралы шарт сомасын азайту бөлігінде;

2) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер көлеміне қажеттілік азайған немесе негізделген түрде ұлғайған жағдайға байланысты, жасалған сатып алу шартында көрсетілген тауар, жұмыс, қызмет бірлігі үшін баға өзгеріссіз қалған жағдайда, шартты орындау мерзімдерін тиісінше өзгерту бөлігінде шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жасалған шартына мұндай өзгерістерді енгізуге Сатып алу жоспарында осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жол беріледі;

3) егер өнім беруші өзімен жасалған тауарды сатып алу шартын орындау процесінде тауар бірлігінің бағасы өзгеріссіз қалған жағдайда, өзімен жасалған тауарды сатып алу шартының мәні болып табылатын тауарды жеткізуідің неғұрлым жақсы сапалық және/немесе техникалық сипаттамаларын не мерзімдерін және/немесе шарттарын ұсынса;

4) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлеміне қажеттілік азайған немесе ұлғайған жағдайға байланысты, жасалған сатып алу шартында көрсетілген тауар, жұмыс, қызмет бірлігі үшін баға өзгеріссіз қалған жағдайда, сатып алу шартының сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жасалған шартына мұндай өзгерістерді енгізуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

5) салық, кеден және басқа да салалардағы заңнаманың баға белгілеуге әсер ететін өзгерістерінен туындаған тауарларды жеткізуге, қызметтер көрсетуге, жұмыстар жүргізуге арналған ұзақ мерзімді сатып алу шартының сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ Тапсырыс берушіде жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шартты орындау мерзімдерін тиісті өзгерту бөлігінде. Мұндай өзгерістерді енгізуге шарттың қолданылуының бір жылы өткен соң және жылына бір реттен артық емес жол беріледі.

65. Сатып алу шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделеді.

66. Өткізілетін (өткізілген) сатып алудардың шарттарының мазмұнын және/немесе өнім берушіні таңдауға негіз болған ұсынысты өзгертуі мүмкін өзгерістерді сатып алу туралы шарт жобасына немесе жасалған шартқа енгізуге жол берілмейді.

67. Сатып алу туралы шартты орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

68. Сатып алуды ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің басшылары, комиссия, сарапшы(лар), сатып алу ресімдерін ұйымдастыруды және өткізуі жүзеге асыратын тұлғалар, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне қатысатын өзге де тұлғалар Қағидалар нормаларын бұзғаны үшін дербес жауапкершілікте болады.

69. Қызметкерлерді Қағидалар нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тапсырыс берушінің белгіленген тәртіппен бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

9. Қорытынды ережелер

70. Әлеуетті өнім берушілер сатып алуды ұйымдастырушының, комиссияның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен занды мүдделерін бұзатын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

Сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім ведомстволық реттеу күшіне байланысты шағымдану ресімінсіз қабылдануы мүмкін. Алайда, қатысушы ішкі қарау үшін басшылыққа өтініш білдіруге құқылы.

